

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗ

2014 жылдың I жартыжылдығы бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері туралы

2014 жылғы 25 тамыз

2014 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі - Банк) 64 млрд. теңге мөлшеріндегі шоғырландырылған таза табыстың еліміздегі банк секторы үшін рекордтық болатын көрсеткішіне жетті, бұл өткен жылдағы ұқсас көрсеткіштен 87.4%-ға жоғары.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрайымы Үміт Шаяхметова: «Қаржы нарықтарындағы жағдайдың күрделі болуына қарамастан, Халық банкі Тобы дамудың жағымды динамикасын көрсетіп келеді. Бұл, еншілес зейнетақы қоры өз қызметін тоқтатқанына қарамастан, рекордтық қаржы нәтижелері. Бірінші жартыжылдықтың оқиғаларын жеке атап өту қажет: бұл Fitch Ratings агенттігінің қаңтардағы «BB-» дегеннен «BB» дегенге дейін және Standard&Poog's агенттігінің шілдедегі «BB» дегеннен «BB+» дегенге дейін Банк рейтингтерін көтеруі, дүние жүзіне әйгілі HSBC банк тобының Қазақстандағы еншілес ұйымын сатып алу туралы хабарлау, Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен Меморандумға қол қою және онымен бірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша жұмысты бастау, экономиканы қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудағы жетістіктер. Басшылықтың, ұжымның, серіктестеріміздің, акционерлер мен инвесторларымыздың бірігіп күш салуы Топқа алға қарай қадам жасауға, Қазақстанның қаржы нарығында өзінің жетекші жайғасымын нығайтуға мүмкіндік береді», - деп белгілейді.

Банктің активтері 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда 12.1%-ға өсті.

Клиенттерге берілген заемдар 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда брутто негізінде 0.8%-ға және нетто негізінде 2.9%-ға өсті.

Клиенттер қаражаты 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда 15.5%-ға өсті.

Құнсыздану қорларына аударуға дейінгі таза пайыздық табыс 2013 ж. 6 айға қарағанда, 2014 ж. 6 ай бойынша 32.0%-ға 64.8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, **құнсыздану қорларына аударымдар** 2013 ж. 6 айға қарағанда 2014 ж. 6 ай бойынша 79.2%-ға төмендеді, ал **таза пайыздық табыс** 2013 ж. 6 айға қарағанда 2014 ж. 6 ай бойынша 49.1%-ға өсті.

Қызметтер бойынша табыстар және транзакциялық банкингтен түскен **комиссиялар** 2013 ж. 6 айға қарағанда 2014 ж. 6 ай бойынша 12.7%-ға өсті.

Орта меншікті капиталға қайтару (RoAE) 2014 ж. 6 ай бойынша жылдығы 32.1%-ға дейін ұлғайды (2013 ж. 6 ай бойынша жылдығы 20.4%), **орта активтерге қайтару (RoAA)** 2014 ж. 6 ай бойынша жылдығы 4.7%-ға дейін ұлғайды годовых (2013 ж. 6 ай бойынша жылдығы 2.8%).

Банк бойынша (шоғырландырылмаған, ХҚЕС бойынша) **NPL 30+ және NPL 90+** сәйкесінше 2014 ж. 31 наурыздағы жағдай бойынша 19.9% және 17.5% қарағанда, сәйкесінше 2014 ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша 16.4% және 15.4%-ға төмендеді. Бұл ретте реттеуші талаптар бойынша NPL 90+ деңгейі 2014 ж. 31 наурыздағы 16.1%-дан 2014 ж. 30 маусымдағы 13.9% дейін төмендеді. NPL 30+ және NPL 90+ төмендеуі көбінесе 2014 ж. сәуір айында салық заңнамасына өзгерістер енгізілгеннен кейін Банк борышты кешірусіз корпоративтік секторда және ШОБ секторында мерзімі кешіктірілген берешекті есептен шығару есебінен, сондай-ақ, 2014 ж. сәуір және мамыр айларында мерзімі кешіктірілген берешек өтелгеннен кейін пайда болды.

Меншікті капитал 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда 11.6%-ға ұлғайып, көбінесе 2014 ж. 6 ай бойынша алынған шоғырландырылған таза табыс есебінен 437.8 млрд. теңгені құрайтын болды. Меншікті капиталдың өсуі **2014 жылғы мамыр және маусым айлары бойынша** жай акциялар ұстаушыларына 18,547 млн. теңге (бір жай акция үшін 1.70 теңге) мөлшерінде және артықшылықты акциялар ұстаушыларына 1,757 млн. теңге (бір артықшылықты акция үшін 9.28 теңге) мөлшерінде **2013 жыл бойынша дивидендтер** төленгендіктен ішінара тежеліп тұрды.

Капитал жеткілігінің k1-1 және k1-2 бірінші деңгейдегі реттегіш **коэффициенттері** және капитал жеткілігінің k2 коэффициенті сәйкесінше 2013 жылғы 31 желтоқсандағы 9.5%, 11.2% және 18.2% қарағанда, сәйкесінше 2014 жылғы 30 маусымдағы 12.0%, 14.9% және 18.9% құрайды. Бірінші деңгейдегі капитал жеткілігінің коэффициенті және капитал жеткілігінің Базель нормативтеріне сәйкес есептелген коэффициенті сәйкесінше 2013 жылғы 31 желтоқсандағы 17.2% және 18.5% қарағанда, сәйкесінше 2014 жылғы 30 маусымдағы 18.4% және 19.8% құрайды.

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай бойынша барлық аралық қаржылық ақпарат, соның ішінде ескертпелер, Банктің веб-сайтында қолжетімді: <http://halykbank.kz/ru/about/reports>.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазақстандағы ең үлкен клиенттер базасы мен таралу желісі бар жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банкi болып табылады. Банк өзінің бөлік клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттері мен корпоративтік клиенттеріне көптеген қызметтер түрлерін (банктік, зейнетақылық, сақтандыру, лизинг жөніндегі қызметтерді, брокерлік және активтерді басқару қызметтерін) ұсынып, әмбебап қаржылық топ ретінде дамып келеді. Сонымен қатар Банк өз операцияларын Ресейде, Грузия мен Қырғызстанда іске асырады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі,
тел. +7 727 2 590 816,
www.halykbank.kz